

4. Саенко Т. Профессионализация управленческой деятельности // Народное образование. – 2007. – № 7. – С.
5. Хуторской А. Ключевые компетенции. Технология конструирования // Народное образование, № 5, 2003.

**Шабжанова Салтанат Калиаскаровна**  
«Өрлеу» БАҰО АҚФПавлодар облысы бойынша  
педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты  
мұғалімнің кәсіби дамуын  
психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу  
кафедрасының аға оқытушысы

## **БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚЫРМАНДЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАРЫ**

### **АННОТАЦИЯ**

*Мақалада қоғамның өзекті мәселесіне айналып отырған кітап оқу тақырыбы сөз болады. Жас ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастырудың негізгі аспектілерін аша отырып, кітап оқу мәдениеті мен құзыреттілігінің тұлға дамуындағы рөлі айқындалған.*

**Түйінді сөздер:** функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы, оқырмандық мәдениет, оқырмандық құзыреттілік, оқырмандық қызығушылық.

### **АННОТАЦИЯ**

*В статье рассматривается важная проблема современного общества грамотного чтения. Авторам проанализированы вопросы формирования устойчивого интереса к чтению, культуры чтения и ее роль в становлении компетентной личности.*

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, грамотность чтения, культура чтения, читательская компетентность, мотивация к чтению.

### **ABSTRACT**

*The article deals with the important problem of the modern society of reading literacy. The authors analyzed the issues of formation of steady interest in reading, reading culture and its role in the formation of a competent person.*

**Keywords:** functional literacy, reading literacy, reading culture, reading competence, motivation for reading.

Бүгінгі қоғамда экономикалық дамумен қатар халықтың мәдениеті мен білім деңгейі стратегиялық маңызға ие. Ақпараттық технология дамыған сайын адамға қоятын талаптар да күшейіп барады. Өзгермелі қоғам жағдайында адам өмір бойы оқуға мәжбүр. Өмір бойы оқу арқылы ғана адам өзіне табысты өмір жасай алады. Ол үшін түйінді құзыреттіліктерді игеру қажет. Ақпаратты қоғамда табысты өмір сүрудің кілті әрине, оқумен байланысты. Бүгінгі күні қоғам кітап оқу дағдарысын бастан өткеріп отыр. Оған басты себептердің бірі ретінде технологияның қарқынды дамуы мен адами құндылықтарға деген көзқарастардың алмасуын айтуға болады. Бұл жағдай өз кезегінде Ұлттың дамуына, мемлекеттің экономикалық, геосаяси жағдайларға кірігуіне кедергі келтіреді. Әлемдегі дамыған мемлекеттердің барлығы дерлік кітап оқуға байланысты ұлттық саясат ұстанады. Мәселен, Еуропаның бірқатар мемлекеттерінде мемлекеттік деңгейдегі арнайы кітап қорлары, агенттіктері жұмыс жасаса, 90-жылдардың соңында Ұлыбритания 3 жылға кітап оқудың Ұлттық жылы жобасын жариялаған. Кітап оқу бүгінгі күні әлемдік мәселеге айналып отыр. Біздің елімізде де «Бір ел-бір кітап», «Балалар оқуының қазақстандық картасы», «100 кітап», т.б. жобалар республика көлемінде жүзеге асырылуда. Әлеуметтанушы С.Н.Плотников кітап оқитын адам мен кітап оқымайтын адамның басты айырмашылығы олардың интеллектісінің дамуында екендігін көрсеткен. Кітап оқу арқылы тұлғада функционалдық сауаттылықтың негізін құрайтын түйіндік құзыреттіліктер қалыптасып жетіледі. Соңғы уақытта жүргізіліп жатқан халықаралық зерттеулер нәтижелері жасөспірімдердің оқу сауаттылығында бірқатар

кемшіліктердің бар екендігін айғақтап отыр. Солардың қатарында функционалдық оқу сауаттылығы деп атап жүрген ақпаратты іріктеу, мәтінді өзектен өткізіп пайымдау, тұжырым жасау, қайта қорытып, оны өз пайдасына жарата білу сияқты дағдыларды айтуға болады. Бұл зерттеулер біздің қазақстандық жасөспірімдердің өз қатарластарынан едәуір кейіндеп қалғанын көрсетіп отыр. Әлеуметтік зерттеулер мектеп оқушыларының бастауыш сыныпта кітап оқуға деген қызығушылық деңгейінің жоғары екендігін, бірақ өсе келе олардың кітап оқу қарқынының төмендейтінін көрсеткен. Мұндай үдерістің қалыптасып отырғандығын мектеп кітапханашылары да растайды. Бұл үрдістің етек алып бара жатуының бірқатар себептері бар. Ең алдымен, сыртқы ақпараттың көптігі мен күштілігін айтуға болады, екіншіден, отбасылық кітап оқу құндылықтары қалыптаспаған, ата-ананың кітап оқуға деген қолдау көрсетуі жоқтың қасы, мектептегі кітап оқу мақсатсыз, жүйесіз жүргізіледі.

Бұл жүйесіздік әлеуметтік бейімделуге, табысты өмір сүруге кепіл болатын функционалдық оқу сауаттылық дағдыларының қалыптасуына кедергі келтіреді.

Функционалдық сауаттылық бүгінгі өзгермелі қоғамда адамның әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық үдерістерге белсенді қатысуын қамтамасыз ететін базалық факторлардың бірі болып табылады.

Оқу сауаттылығы тәрбие, білім беру мен мәдени дамудың базалық компоненті болып табылады. Кітап оқу - ұрпақтар арасындағы байланыс, сабақтастың алтын көпірі іспеттес, адами құндылықтардың негізі, өзегі. Кітап оқу арқылы тұлғаның ой-санасы жетіледі, сыни ойлау дағдысы қалыптасады, ақпаратпен өздігінен жұмыс істеу, талқылау, жүйелеу, жинақтау дағдылары қалыптасады. Кітап оқу – адам танымының белсенді қызметі, шығармашылықтың негізі болып табылады. Сол арқылы тұлғаның рухани-адамгершілік, мәдени ой-дүниесі, талғамы, көзқарасы қалыптасып дамиды. Адам кітап оқығанда 3 түрлі үдерісті жүзеге асырады:

1. Шығарманы қабылдау.
2. Мазмұнды түсіну.
3. Оқығанын бағалауы[1].

Кітап оқу үдерісінің негізін оқырмандық қызығушылық құрайды. Оқырмандық қызығушылықтың көрсеткіштері:

- кітап оқуға деген оң көзқарастың болуы;
- нақты бір кітапқа деген қызығушылық;
- кітап оқумен айналысу;
- оқыған кітабы туралы өзгелермен бөлісуге деген құлшыныс[4].

Оқырмандық қызығушылық арқылы оқырмандық құзыреттілік қалыптасады. Оқырмандық құзыреттілік дегеніміз – кітап оқу арқылы тұлғаның қоғамда табысты әлеуметтенуі үшін қалыптасқан түйінді құзыреттіліктер. Г.М.Первованың пікірінше, оқырмандық құзыреттілік шығармашылық оқу қабілетін, оны тұтас қабылдай білуін, «автор-оқырман» диалогіне түсуін, басты кейіпкерлермен бірге толқу, тебіреністерді бастан кешіруін, әдебиетті ұлттық мәдениеттің бөлінбес бөлшегі ретінде қабылдауын, әдебиеттің даму кезеңін, көркем шығарма тілін еркін бағамдауы жатады[3]. Оқырмандық қызығушылық оқырмандық мәдениет пен талғамды қалыптастырады.

Оқырмандық мәдениет біріншіден, кітап оқушының қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне қарай кітапты іздеу, талдау, іріктеу үдерістерін түзеді.

Екіншіден, оқығанды есте сақтау үшін тілдік құралдар мен тәсілдерді таңдауы (сөз сөйлеуі, пайым, баяндама жасауы, жоспар, тезис, конспект, шығарма, аңдатпа, т.б.)

Үшіншіден, кейіпкерлердің іс-әрекетін пайымдау арқылы оқырмандық тәжірибені қалыптастыру(уайымдау, жақтасу, ойлау, тебірену, риза болу, қуану, т.б.)[2].

Оқырмандық мәдениет, оқырмандық құзыреттілік интеллектілік және жеке бас қасиеттерін қалыптастырудағы адамдық тұлғалық қасиеттердің жиынтығын құрайды.

Кітап оқу – тұлғаның рухани және ақыл-ой дамуының негізі. Сапалы білім алуға қол жеткізудің басты кепілі оқу сауаттылығы болып табылады. Оқу сауаттылығы барлық ғылым

саласын игеруге негіз болады. Оқу сауаттылығы қалыптасқан қоғамда табыстың деңгейі жоғары, адамдардың бақуатты өмір сүруі қарқында өседі. Кітап оқу арқылы қоғам өзін-өзі тәрбиелеп, басқарып, дамытып үйренеді.

Кітап оқитын қоғам құрудың басты идеясы – адами құндылықтардан ажырамау. Кітап оқитын ұрпақ – ұлт болашағының кепілі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Казахстанская карта детского чтения в аспекте формирования функциональной грамотности школьников. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 81 с.

2. Матвеева Е.И. Читательская культура современного человека

[http://www.iro.yar.ru/fileadmin/iro/konf/2013/7-11-2013/CHitatelskaja\\_kultura.pdf](http://www.iro.yar.ru/fileadmin/iro/konf/2013/7-11-2013/CHitatelskaja_kultura.pdf)

3.Первова Г.М. Чтение как универсальная деятельность младшего школьника // Начальная школа : науч.-метод.журн. – 2013. – №1. – С. 11-16.

4.Колганова Н. Е. Сущностные характеристики формирования основ читательской компетентности младших школьников [Текст]/Н.Е. Колганова// Теория и практика образования в современном мире: материалы II междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, ноябрь 2012 г.). — СПб.: Реноме, 2012. – С. 5-8.

**Шалгимбекова Алия Батырхановна,**  
ст.преподаватель кафедры педагогики, доцент КГПИ  
г.Костанай

## **ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КЛАССНОГО РУКОВОДИТЕЛЯ**

### **АННОТАЦИЯ**

*Бұл мақалады өзекті бір мәселелердің бірі қарастырылады- сынып жетекшісінің әрекетіне қолдау көрсету, өйткені сынып жетекшісі өсіп кележатқан бұынды тәрбиелеу жүйесінде ең маңызды үйтқысы болып табылады. Сынып жетекшісі оқушылардың әртүрлі әрекеттерің, өмірлік жобаларын ұйымдастырады. Оқушыларға дұрыс ұйымдастырылған психологиялық көмек және педагогикалық қолдау көрсетсе, онда сынып жетекшісі уақытында және тиімді балалардың мәселелеріне назар аударады*

***Түйінді сөздер:** педагогикалық қолдау, өзің-өзі ұйымдастыру, өз-өзің іске асыру, әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету.*

### **АННОТАЦИЯ**

*В этой статье рассматривается одна из актуальнейших проблем- поддержка деятельности классного руководителя, т.к. классный руководитель является одним из самых сильных звеньев в системе воспитания подрастающего поколения. Классный руководитель организует, проектирует деятельность школьников в разнообразных видах их жизнедеятельности. При правильной организации школьникам психологической помощи и педагогической поддержки, классный руководитель может своевременно и эффективно реагировать на проблемы ребенка.*

***Ключевые слова:** педагогическая поддержка, самоорганизация, самореализация, социально-педагогическая поддержка.*

### **ABSTRACT**

*The article deals with the problem of the support of the work of classroom teacher. This is one of the most urgent problems, because the classroom teacher is one of the strongest links in the system of education of the younger generation. The classroom teacher organizes and projects a work of the pupils in a variety forms of life. The classroom teacher can promptly and effectively respond to the problems of the child, if psychological assistance and educational support are correct.*

***Keywords:** pedagogical support, self-organization, self-realization, social and pedagogical support.*